

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ШЫҒЫС» Өңірлік орталығы

СЕРТИФИКАТ

2022-2023 жылының облыстық тамыз конференциясы аясындағы
«Сапалы білім беру – оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз үдерісі» білім беру
ұйымы директорларының оқу-тәрбие жөніндегі орынбасарлары
секциясында «Оқушыларға сапалы білім беруде мектепшілік
бақылауды жоспарлау және ұйымдастырудың жаңаша формалары»
тақырыбында тәжірибе алмасқаны үшін

АРАЛХАНОВА ГАУХАР КАБДРАХМАНОВНАҒА
берілді

Директордың м.а.



Г. Джакупова

Г. Джакупова

Өскемен, 2022

Тіркеу №1674

Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы

ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ

*Шығыс Қазақстан облысының
білім саласына қосқан зор үлесі және
еңбектегі қол жеткен табыстары үшін*

*А.Байтұрсынов атындағы мектеп
директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары*

**Аралханова
Гаухар Кабдрахмановна**

марапатталады

Басшының м.а.



А. Ақылбек





*Өскемен қаласы,
2022 жыл*



ГАУХАР АРАЛХАНОВА,
«А. Байтұрсынов атындағы орта мектебі» КММ-нің
бастауыш сынып мұғалімі
Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы

ҰЛТ БІРЛІГІ – ҰЛЫ БАЙЛЫҚ

Оқу мақсаттары	2.1.2.1 Мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздердің негізінде мәтіннің мазмұнын болжау. 2.4.2.2 Көптік жалғауларын дұрыс қолдану.			
Табыс критерийлері	<ul style="list-style-type: none"> • Тақырыпты болжайды. • Зат есімнің түрлерін ажыратады. • Көптік жалғауларын дұрыс қолданады. 		Дескрипторлар <ul style="list-style-type: none"> • Сурет бойынша тақырыпты болжайды; • Тірек сөздер бойынша тақырыпты болжайды; • Мәтіннен жалқы есімді табады; • Мәтіннен жалпы есімді табады; • Зат есімнің жекеше және көпше түрін ажыратады; • Көптік жалғауын дұрыс жалғайды; • Зат есімге сұрақ қояды; 	
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар: Зат есімнің анықтамасын біледі. Зат есімге сұрақ қояды. Оқушылардың басым бөлігі: Мәтіннің мазмұнын болжайды. Көптік жалғауларын дұрыс қолданады. Кейбір оқушылар: Алған білімін өмірде қолдана алады.			
Тілдік мақсаттар	Оқушылар: Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Пәндік лексика және терминология: Жекеше, көпше, кім? ,не? ,кімдер? ,нелер? Талқылауға арналған сұрақтар: Зат есім дегеніміз не? Зат есімнің сұрақтарын ата. Жауабыңды дәлелде.			
Құндылықтарды дарыту	Құстардың пайдасын түсіндіре отырып, оларды қорғауға баулу.			
Пәнаралық байланыстар	Әдебиеттік оқу, жаратылыстану.			
Алдыңғы білім	Жалқы есім және жалпы есім.			
Сабақтың барысы:				
Сабақтың кезеңі (уақыты)	Педагог әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Сәлемдесу Психологиялық ахуал қалыптастыру «Допты қағып ал» әдісімен үй тапсырмасын пысықтау. - Зат есім дегеніміз не? - Зат есімнің сұрақтарын ата. - Зат есімнің қандай түрлерімен таныстық? - Жалқы есім дегеніміз не?	Сәлемдеседі. Бір-біріне сәттілік тілейді. Допты қағып алып сұрақтарға жауап береді, мысал келтіреді.	Қолпаштау арқылы бағалау	Доп

	<p>-Жалқы есімдер қалай жазылады? Мысал келтір. - Жалпы есім дегеніміз не? Мысал келтір</p>											
<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>Миға шабуыл Білу және түсіну «Әліпби желісі» әдісі. 44-жаттығу. Суреттердің астындағы сөздерді салыстырып, қорытынды жасайды. Ереже қорытады</p>  <p>Бала-балалар, асық-асықтар Сұрағы кім? кімдер? Не? Нелер? Дескриптор 1. Сөздерді оқиды; 2. Сөздерді салыстырады; 3. Қорытынды жасайды.</p>	<p>Оқушылар мысалдар арқылы ереже қорытады. Сөздерді салыстырады</p>	<p>Формативті бағалау</p> 	<p>Слайд</p>								
	<p>Оқулықпен жұмыс 45-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқып, зат есімнің жекеше, көпше түрлерін табады. Дескриптор: 1. Өлеңді оқиды; 2. Зат есімнің жекеше түрін табады; 3. Зат есімнің көпше түрін табады;</p> <p>«Айналым бекет» әдісі. Дәптермен, тақтамен жұмыс 46-жаттығу. Жасырынған құс атауларын тауып, жекеше, көпше түрде жазады. Тоқылдақ –тоқылдақтар Торғай-торғайлар Шымшық-шымшықтар Қарға-қарғалар Дескриптор: 1. Жасырынған құс атауларын табады; 2. Жекеше, көпше түрде жазады; 3. Көптік жалғауларын дұрыс жалғайды</p> <p>Саралаудың «Тапсырма» әдісі қолданылады. Көптеген оқушыларға тапсырма беремін Семантикалық карта</p> <table border="1" data-bbox="359 1568 718 1713"> <tr> <td>Жекеше</td> <td>Көпше</td> </tr> <tr> <td>балық</td> <td>балықтар</td> </tr> <tr> <td>тарақ</td> <td>тарақтар</td> </tr> <tr> <td>әке</td> <td>әкелер</td> </tr> </table> <p>Оқушылардың басым бөлігіне тапсырма: Берілген сөзге жалғау жалғайық тар</p> <p>дар лер</p>  <p>Кейбір оқушыларға тапсырма:</p>	Жекеше	Көпше	балық	балықтар	тарақ	тарақтар	әке	әкелер	<p>Өлеңді оқып зат есімнің жекеше көпше түрлерін атайды.</p> <p>Тақтамен жұмыс жасайды. Дәптерлеріне тапсырманы орындайды.</p> <p>Оқушылар деңгейіне қарай тапсырмаларды орындайды.</p>	<p>Бағалау: «Асық» әдісі Жасыл асық- сөздер оқып, өлең құрастырса, салыстырып қорытынды жасай алса Қоңыр асық сөздер оқып, өлең құрастыруға қиналса, салыстырса Қызыл асық сөздер оқып, салыстыруда көмек қажет етсе</p>	<p>Тақта бор</p>  <p>Қима қағаздар, суреттер</p> <p>Семантикалық карта, суреттер</p>
Жекеше	Көпше											
балық	балықтар											
тарақ	тарақтар											
әке	әкелер											

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» АҚПАРАТТЫҚ - САРАПТАМАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
«ТАҒЫЛЫМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛЫ

ДИПЛОМ



◆◆◆ I ДӘРЕЖЕ ◆◆◆

«Рухани жаңғыру» ақпараттық-сараптамалық орталығы және
«ТАҒЫЛЫМ» республикалық ғылыми-әдістемелік журналы ұйымдастырған
«Қазақстан педагог зерттеушілері үздік мақалалар, әдістеме және инновация»
республикалық конкурсының «Үздік мақала» номинациясы бойынша I орын алғандығы үшін

Гаухар Аралханова

марапатталады

03 қараша 2022 жыл

№ 2022 11 (106)-134-ТК



Атқарушы директор

Ғ. ЗАМБАЕВА

Астана, 2022



Аралханова Гаухар Кабдрахмановна
Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы
"А. Байтұрсынов атындағы орта мектебі" КММ
Бастауыш сынып мұғалімі

Білім саласындағы олқылықтарды жою және олардың орнын толтыру мәселесі бойынша педагогтерге әдістемелік қолдау беру

Білім саласына катысты өзгертулер мен толықтырулар еліміздің болашағы үшін өте маңызды құжат болып табылады және болашағымызды айқындап, нық сеніммен алға басатын бағдаршам іспеттес қызмет атқарады.

Қоғамымыздағы білім саласына катысты басты түйіткілдер:

- білімнің сапасыздығы;
- оқушылардың ынтасыздығы;
- мұғалімдердің жеткілікті дәрежеде сауатты болмауы;
- ұйымдастырушылықтың кенжелігі.

Жоғарыда айтылған олқылықтарды тамырымен жоюдың бірден-бір жолы бір мақсатқа көзделген еңбек пен талап, жігердің жиынтығы болып табылады. Осы арқылы жастардың өмірге деген көзқарасын өзгертіп, елге деген сүйіспеншілігін арттырып, ел экономикасының алға жылжып, серпін алуына жағдай жасаймыз.

Басты мәселелердің бірі аурудың өзімен емес, шыққан тегінен іздеп жою арқылы алдын аламыз. Айталық, қазіргі қоғамның індеті десек те артық айтқандық емес, ол оқушылардың өз уақытын тиімді пайдаланбай талапсыздыққа ұрынып жатуы. Ал, мұның себебі мектепте арнайы үйірмелердің аз болуы я болмаса мұғалімдердің оқушы бойына қызығушылықты тудыра алмауы деп білуге болады. Сондықтан да белгілі бір идеологияға негізделмеген әрбір шаралар басқа идеологияның шырмауында кетіп, елдің мүддесі үшін қызмет қылмайды.

Шешу жолдары

Қоғамда еуропалық үлгідегі бұйымдардың дәурені болып тұрған шақта, ұлттық салт-дәстүрімізге негізделген жанашыл үрдісте байырғы құрал-жабдықтар мен бұйымдар еліміздің әрбір отбасында баға жетпес құндылық ретінде қалыптасуы қажет. Және осы тұста орасан зор жарнама мен шаралар ұйымдастыру қажет. Осындай идеология әсерін пайдаланып, әр мектепте ұлттық салт-дәстүрімізге негізделген байырғы құрал-жабдықтар мен бұйымдарды жасайтын бөлмелер ашып онда оқушыларды үйретіп, жасаған бұйымдарды сату керек. Оның пайдасы болады, өйткені айтып өткенімдей нарықта қандай да бір затқа сұраныс көп болса, ұсыныс та көбеймек және нарықтағы ақша айналымы өз ішімізде болады да, шағын өндірістердің дамуына оң ықпалын тигізеді анық. Нәтижесінде ұлттық дәстүрлерімізді жанғыртып, оқушылардың білім ошағынан тыс уақытта пайдалы іспен айналысуына мүмкіндік туғызамыз.

Үш тілдік білім алу жүйесін енгізгелі жатырмыз. Әлбетте оның жақсы жағынан әсері мол. Өйткені қазақ тілінде аз болған мәліметтерді дамыған елдердің тілінде оқу арқылы білімнің нәрін жан-жақты алуға болады. Дегенмен қазіргі білім жүйесінде оны іске қосатын болсақ, әттеген-айлар көбейіп кетуі мүмкін. Сондықтан да, бұл тұста белгілі мақсатқа негіздеуіміз қажет.

Қазақстан Республикасы Ақпарат
және Қоғамдық даму министрлігі
Мемлекеттік тіркеу
№ KZ25VPY00042356



SERTIFIKAT

Аралханова Гаухар Кабдрахмановна

Халықаралық білім беретін ғылыми әдістемелік, танымдық
шығармашылық бағыттағы "TutorUp" журналында өз тәжірибесімен
бөлісіп әдістемелік материалын жариялағанын растайды

Бас редактор:



Алтынай Абдиганиевна

Алматы қаласы, 2022 жыл

№ 100709

